

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.08.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/15898/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Сатыбалдиева Баян Жунисхановна

Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени — әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,  
Өнерімен қуантады түбінде.  
Бала нені білсе жастан, ұядан-  
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.  
Өнер — білім берем десең басынан,  
Бер оқуға балаларды жасынан,  
Ата — анадан өсіп ұрпақ тараған,  
Жақсы-жаман болса, бала - соларда», - деп,

XI ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күннен танып, соған қарай бағыт — бағдар, тәрбие берудің маңызы ерекше. Ата-ана балаларына жақсы тәрбие беруде қоғам алдында жауапты. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың балаларының өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сіңімді және негізді.

Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Ана- бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?!

Абай қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, « адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен жаралған» деген ғұламалық ойды тарата келе, ол қасиеттердің міндетті түрде тәрбиеленуі қажеттігі туралы айтады. Абай жетінші қара сөзінде былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туса, біреуі-білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай, керней болса дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене», «ол неге үйтеді», « бұл неге бүйтеді» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі өмірге жаңа келген нәрестенің жан құмары, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» дегені».

Қатыгез, зұлым адамдар да ақ сүт берген Ана алдында бас иген. Осы орайда Домалақ Ана(Нұриланың) атану тарихы да қызық. Бұлақ басында қара лашықта қалған қарапайым әйел тапқырлық танытып, қарақшылардың теріс қылығына тосқауыл қояды. Бұл эпизодтар бүгінгі ұрпақты ұлы әжеміздің адамгершілік өнегесін қастерлеуге, тәлім алып, оны көкірегіне орнықтыруға үндейді. Әсіресе, Домалақ Ананың мейірімділікке шақыруы Ана алдында бас игізеді. Ұлы Жамбыл Домалақ ененің қадір-қасиетін, әулиелігін терең түсініп, үлкен жүрекпен жырлайды. Өзі де ұлы анасына тағзым ете тіл қатады. Шерхан Мұртазаның сөзімен айтқанда: «Ұлы анамыздың артында, батыстан шығысқа, шығыстан батысқа созылып жатқан қыруар ұрпақ бар. Олардың ішінде ержүрек мықтысы да, осалы да жетіп жатыр»

» ХҮІІІ ғасырдың аяғында дүниеге келген бала Пушкин де, ХІХ ғасырдың орта шенінде қазақтың кең сахарасында дүниеге келген Абай да шешесі мен әжесі берген тәрбие уызын еміп өседі. Амал жоқ, 1630 жылдары жазылған словак педагогы Ян Амос Коменскийдің « Аналар мектебі» еңбегі есіңе түседі де, ана құдыретіне амалсыз бас иесің»деп толғанады « Ерте жастан тәрбиелеу тағылымдары» мақаласының авторы.

Ата-ана тәрбие беруде, ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәні зор. Сөз қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, содан өзіне тәлім алған бабаларымыздың қасиетіне не жетсін. Сондай -ақ, атамыз Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» еңбегінде:

Ақ сүтпен бірге сіңген жақсылық

Айнымайды еш, алғанша ажал қапсырып.

Ет сүйекпен бірге біткен қылығың,

өзгермейді салғанша ажал құрығын.

Міне, Жүсіп Баласағұн атамыздың «Құтты білік» еңбегіндегі ойлар ана сүтімен дарыған қасиетті дәстүрлер халықтың салт-санасынан берік орын алатындығы айтылған.

Балаға, әсіресе, ана өте жақын келеді. Ал отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны

бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Әсіресе, әкенің рөлі ер баланы тәрбиелеуде басым. Әке ұлына өзінің бар өнерін, естіп-білген білімін түгел үйретуге тырысады. Ал ұл бала өз тарапынан ағаға, әкеге еліктеп, одан үйренген. «Ата көрген оқ жонар» деген осыдан шыққан.

Қазақ халқының « Ата – балаға сыншы» деген мақалы бар. Әр әке өз балаларының ерекшеліктерін, қандай іске бейімділігін дамытуға тырысып, ерте аңғарып, ән мен күй өнерінен бейімі болса, өнер қуған сал-серілерге, үй шаруасына бейім болса, үй шаруасының тізгінін беріп, сөз ұғарлық ойы болса, жақсыларға жанастыратын.

Ал қыз абыройы – отбасының, елдің болашағы, босағаның беріктігі. Қазақ қыздың жолы жіңішке» деп бекер айтпаған. Осындай ұл мен қыздың тәрбиесіне қазақ халқының тек жеке отбасы ғана емес, бүкіл ауыл аймағы, әулеті жауапкершілікпен қараған. «Қызға қырық үйден тыйым», « Ұлға отыз үйден тыйым» демекші, ұлға да, қызға да айтар сын аз емес.

Әр отбасы ұлы мен қызына салт-дәстүрді, жеті атасын білуді үйреткен. Ата-ананың қанша баласы болса, әр бала ата-анаға өзінше қымбат.

Ұрпаққа қалдыратын ең маңызды мұра-тәрбие болғандықтан бұл тақырып қай кезде болмасын көкейкесті мәселелердің бірі болып қала береді. Жас буынды тәрбиелеу-қоғамымыздың жан-жақты жетілген жаңа адамын қалыптастыру бүгінгі күннің басты мақсаттарының бірі. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясынан туындаған тіл мәселесі: «Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, жас ұрпақтың тідерінің шұбарлануының алдын алу.Тіл қашанда тірегіміз. Сондықтан да Қазақтың мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады»

Халықтық тәлім — тәрбиенің құндылығы мен қадір — қасиеті де балалардың өскен ортасына, әлеуметтік жағдайға, ата — ананың тағылым -тәрбиесіне тәуелді болып отыратындығының ірге тасы сырлы сөздермен, мағынасы кең мақал-мәтелдермен жеткізіліп отыратындығы арқылы қаланған. Сөйтіп олар бүкіл ел-жұртқа өнегелі үлгі болып тараған. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақалдың мәні осындай жәйттің терең мағынасы мен мазмұнын білдірсе керек. Бір сөзбен айтқанда, бала тәрбиесінің ірге тасын қалайтын туған ата — анасы мен отбасы, ел- жұрты болғанына толық көз жеткіземіз.Қазақ халқының болмысы мен жан дүниесіне тән тағы бір қасиет — зерделілік.Бұл адамның әр-бір нәрсеге ой жүгіртіп есте сақтауы мен пайымдау қабілеттерінің шапшаңдығы.Мұндай қасиеттің адам бойында айқын көрініп тұратын белгісі ретінде халқымыздың эпостық жырлары мен ұрпаққа,ауыздаг-ауызға беріліп,әдеби және тарихи бай мұраларымызды халық жадында сақтағандығы.